



«Нұрай» жеке балабақшасы

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:

Айғабыл А.

«Әжелер мектебі»

Біртұтас тәрбие

«Зерде» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Жәдігер София

Сағындыкова Мәдина

Қараша, 2024 жыл.

Тақырыбы: Біртұтас тәрбие. Әжелер мектебі

Мақсаты: - Отбасылық құндылықтарды дәріптеу;

- Ұлттық құндылықтарды насихаттау;

- Болашақ ұрпақты тәрбиелеуде әжелерге әлеуметтік қолдау көрсету;

- Аналарды, әжелерді белсенді түрде балабақша өміріне қатыстырып, байланысын нығайту.

Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы – жас ұрпақ тәрбиесіне бір мақсатта, жоспарлы түрде, бірлестікте әрекет етуі арқылы жақсы нәтижеге жетуге болады. Тәрбие – тал бесіктен басталады. Отбасы бала үшін өнеге алатын алғашқы мектеп. Адамның бала күнінде көрген тәлім-тәрбиесі мен ата-анадан алған үлгісі өміріне негіз болатыны сөзсіз. Отбасынан алған мінез-құлық, дағдылар баланың өміріне азық болып, адам болып қалыптасуында орасан зор рөл атқарады. Сол себепті отбасындағы тәрбиені күшейту, ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігі сезіндіру өте өзекті. Отбасында бала тәрбиесі ұрпақтар сабақтастығы арқылы атадан балаға беріліп отыратынын ескерсек, отбасындағы үлкендердің өнегесі мен үлгісінің қаншалықты маңызды, өзекті екендігін ұғынуға болады. Сол себепті отбасындағы тәрбиенің тәлімдік жағы мен өнегелілік сипатын арттыру міндеті алға шығады. Ол үшін отбасына білім беру ұйымдары атап айтсақ, балабақша, мектеп, қоғамдық ұйымдар тарапынан білікті, кәсіби көмек қажет. Педагогтар мен ата-аналардың өзара ынтымақтасуы арқылы ғана жас ұрпақты туған жерін, халқын, отбасын сүйетін және құрметтейтін, отбасылық құндылықтарды, үлкенді сыйлайтын, саналы, жақсы мен жаманды ажырата алатын азамат етіп тәрбиелеуге мүмкіндік алады. Отбасымен жұмыс – балабақша үшін өте маңызды іс-шаралардың бірі. Бұл төмендегідей міндеттерді шешуді мақсат етеді. Олар: жақсы адамды тәрбиелеуде отбасы мен балабақшаның өзара ынтымақтастық орнату; ата-аналарға педагогикалық, психологиялық кеңес беру; ата-аналарды балабақшаның қызметімен таныстыру. Дәстүрлі қазақ отбасында үш ұрпақтың бірге шаңырақ астында өмір сүруі заңды құбылыс. Сол себепті ондағы өнегелі қарым-қатынас үшінші ұрпақты тәрбиелеуде таптырмас құрал болып табылады. Отбасындағы аталар мен әжелер мектебі, олардың өнегелі өмірі мен өз үлгілері арқылы үшінші ұрпақты тәрбиелеуін балабақшада тәрбие үдерісіне интеграциялау өте тиімді тәсілдердің бірі болып табылатынын уақыт дәлелдеп отыр. Біздің балабақшада «Әжелер мектебі» тұрақты түрде жоспарлы тәрбие жұмысына қатыстырылып отырады. Әжелер – отбасының немесе тұтастай бір елдің тату-тәтті, бақытты өмір сүруіне негіз болатын тілекші, дана, ақылды аналардың анасы! Әжелер тек қана бір отбасының емес, бүтін бір халықтың ана тілі мен салт-дәстүрін өлтірмей жалғастырушылар! Отбасы мүшелеріне тек жақсы үлгісін көрсетіп, жақсылыққа бастайтын Адам! Сол себепті де парасатты ана – әжелердің сөзі, бізге деген өсиеті

мен күнделікті ақылын бұлжытпай орындау бізге міндет болып табылады, осыған орай біздің балабақшамызда жоспарлы түрде әжелер өз тәлім-тәрбиелерін балаларға және тәрбиешілер мен күтушілерге насихаттап отырады. Балаларды тәрбиелеудегі әжелердің ынтымақтастығы мен жоспарға сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізуі балалар бойында жақсы мінез-құлық дағдылардың қалыптасуын қамтамасыз етіп, бақшадағы барлық іс-әрекеттің парасатты, нәтижелі жүруіне негіз болады. Атап айтсақ, бақшамызда «Отбасының шуағысың – ақ әжем!» тақырыбында әжелердің немерелерімен бірге дайындаған танымдық іс-шара өткізілді. Бұл шарада әжелер «Текеметтің кереметі», «Қазақы бас киімдер», «Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері», «Көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұра», «Ұлттық киім», «Шебер қолдар» атты бөлімдер бойынша тәлім-тәрбиеге, ұлттық құндылықтар мен салт-санаға бай, олардың өміршеңдігі мен қажеттігін насихаттайтын мазмұнға сай танымдық іс-шара болды.. Соған қарамастан әрқайсы өзінің әр нәрсені де ұқсата білетін әмбебап екенін дәлелдеп бағып, жүн түтіп, жіп иірді, ине сабақтап, кесте тікті. Сайыс барысында әжелер балалар мен педагогтарға өзгенің жетістігіне, қуаныш, бақытына өз жетістігі мен игілік-бақытындай көріп, қуануға, басқаға көмектесуге басқаны көңілдендіруге, шаттандыруға, қиындықтан құтқаруға әзір тұратын ақ көңілділік пен адалдықты, парасаттылықты дәріптеді.



*Біртұтас тәрбие
Әжелер мектебі
“Зерде” ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Сағндыкова М.
Жәдігер С.*



Қараша, 2024ж

**«Нұрай» жеке балабақшасында
Бір тұтас тәрбие аясындағы іс-шара
апталығы
2024-25 оқу жылы**

Анықтама

Тәрбиеші: Жәдігер София

Сағындыкова Мадина

«Зерде» ортаңғы тобы

Тақырыбы: «Әжелер мектебі»

Балабақшада әжелер мектебінің жұмысы ұйымдастырылды. Әже мен бала арасында отбасылық құндылықты насихаттау барысында тәрбиелік маңызы бар жұмыс көрсетілді.

Балалардың өнерлерімен дайындықтары өте жақсы. Дайындап жасалған бұйымдар, олардың ерекшеліктерін көрсетті.

Әжелердің дайындап әкелген кимешектің срымен таныстырды, сабау сабап, ұршық иіріп, ою ойып олардың қасиеттерімен таныстыру барысында әженің өнеге сөздерімен тәрбиелік аясында жұмысты көре алдық.

Әжелерді белсенді түрде балабақша өміріне қатыстырып байланысты нығайту.

Әдіскер:



А.Айғабыл